

Жеке логопедиялық сабақтың жоспары

Тақырыбы: 3 дыбысын машықтандыру

Мақсаты: 3 дыбысын буында, сөзде, сөз тіркесінде дұрыс айтуға машықтандыру

Міндеттері:

Білімділің: дыбыстың дұрыс артикуляциясын бекіту, III дыбысын буында, сөзде, сөз тіркесінде дұрыс айту дағдыларын бекіту.

Түзетушілік – дамытушылық: артикуляциялық моториканы, дұрыс тыныс алуын және фонематикалық естуін дамыту. Дыбыстық талдау дағдыларын жетілдіру;. Затқа сипаттама беру арқылы сөз тіркесін құрауын жетілдіру.

Тәрбиелік: сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

Құрал - жабдықтар: [3] дыбысына арналған заттық суреттер, гүл, көбелектер, компьютер.

№ р/с	Сабақтың кезеңдері	Логопедтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
I. Ұйымдастыру – дайындық кезеңі			
1	Ұйымдастыру кезеңі Мимикалық жаттығулар	Бүгін қандай тамаша күн! Қонақтармен сәлемдесейік! Мына заттарды жедік деп елестетейік: Қышқыл лимон Тәтті конфет Ащы бұрыш Тәтті, шырынды алма Біз сенімен қай дыбысты дұрыс және әдемі етіп айтып үйреніп жүрміз?	Сәлеметсіздер ме!!! Аталған заттарды жеген кезде түрінің қалай өзгеретіндігін көрсетеді. 3 дыбысын
II. Негізгі кезең			

2	Артикуляциялық жаттығулар	«Дуал» жаттығуы Жоғарғы және астыңғы тістерді көрсетіп қиналмай жымию «Жалпақ тіл» жаттығуы Ауызды кішкене ашып, жымып, жалпақ тілді астыңғы ерінге қою керек. Бірден беске – оңға дейін санап осы қалыпта ұстау керек. «Сағат» жаттығуы Тілді ауыз қуысынан шығарып, оңға, солға қимылдату керек. «Жоғары - төмен» жаттығуы «Пя – пя - пя» жаттығуы Ауызды ашып, тілді төменгі ерінге қойып, «пя – пя – пя.....» деп айтқызу. Ауызды ашып тұрып тілді жалпақ күйінде бірден беске – оңға дейін санап, ұстап тұру. «Тісімізді тазалайық» жаттығуы. Ауызды кішкене ашып, жымып тістерді көрсету керек. Тілдің ұшын оңға – солға, жоғары – төмен жылжытып «астыңғы тістерді тазалаймыз».	Бала артикуляциялық жаттығуларды орындайды
3	Тыныс алу жаттығуы	Орман сондай әдемі. Мыналар нелер? Оған не қонып тұр? «Көбелекті ұшыр» жаттығуы «Гүл» жаттығуы	Гүлдер Көбелектер Тыныс алу жаттығуларын орындайды.
4	Дыбысқа артикуляциялық сипаттама	Осы кезде Диего тембіршекті таппай қалады. Диегоға тембіршекті табуға көмектесеміз бе? Орманда келе жатқан кезде Диегоның алдынан сынып қалған бұтақ кездеседі. Оны орнына қоюға көмектесейік. Маса қалай дыбыс шығарады? 3 дыбысын айтқан кезде ерніміз, тісіміз, тіліміз қандай қалыпта болады? Айнаға қарап айтып көрейік. —Еріндір күлкіге тән, сәл керіледі. —Тістер жақындасқан қалыпта болады, —Тілдің ұшы төменгі тістердің артында тұрады; —дауыс перделері бірігеді және тербеліске түседі;	3 – 3 – 3 – 3 – 3 3 дыбысын айнаның алдында айтып, тілінің, тісінің, ернінің қайда орналасқандығын айтып береді.

	Дыбысты жеке айтуға машықтандыру	—Ауа ағыны жылы. З дыбысы қандай дыбыс? Ол қалай айтылады? Қандай текшемен белгілейміз? «Мен бастаймын, сен аяқта» ойыны Қа ... з Жа ...з Пия ...з Ұста ..з Қора ...з Сәбі ...з	Бала З дыбысына сипаттама береді. Бала З дыбысын қосып, сөзді аяқтайды.
5	Дыбысты буындарда айтуға машықтандыру	Көлшіктен өту үшін мына буындарды оқып, қайталайық. За – зо – зу – зұ Аз – оз – уз – ұз За – за – за Зо – зо – зо Зу – зу – зу Аз – аз – аз Уз – уз – уз Із – із – із Аза – озо Узу – ыза	Бала буындарды қайталайды.
6	Сергіту сәті	Орманда жел тұрды. Қане екеуміз бірге тұрып, көрсетейік. Жел уледі у - у - у Құйын келіп биледі зу - зу - зу Қатты, қатты жел соқты гу - гу Жапырақтар қол соқты ду - ду Билеп кетті қалтырап пах - пах	Бала мұғаліммен бірге орындайды.
7	Дыбысты сөздерде айтуға машықтандыру	Көпірден өту үшін суреттерді атап, з дыбысының бар жоғын анықтайық.	Суреттерді дұрыс атап, З дыбысының бар жоғын

			анықтайды.
8	Дыбысты сөз тіркесінде айтуға машықтандыру	Осы сөздерге сипаттама бер. Мысалы: терезе қандай? – таза терезе	Бала сөздерге сипаттама бере отырып, сөз тіркесін құрайды.
9	Дыбыстық талдау жасау	Орманнан қайту үшін поездға міну керек. Суреттерді атап, дыбыстық талдау жасау.	Қарбыз Зымыран Қазан сөздеріне дыбыстық талдау жасап, сәйкес вагондарға орналастырады.
III. Қорытынды кезең			
10	Қорытынды	Бүгінгі сабақта қай дыбысты дұрыс айтып үйрендік? З дыбысын айтқан кезде ерніміз, тісіміз, тіліміз қандай қалыпта болады? З дыбысы қандай дыбыс? Жарайсың! Сен бүгінгі сабаққа өте жақсы қатыстың!	Бала сұрақтарға өздігімен жауап береді.
11	Жұмысты бағалау Үйге тапсырма	Саған Диего тембіршекті табуға көмектескенін үшін сыйлық қалдырды. Сонымен қатар, үй тапсырмасын берді. Суреттерді атап, З дыбысының орнын белгілеу керек.	Сау болыңыз!